

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 1 беті

БЕКІТІЛДІ
 Басқарманың шешімімен
 «__» _____ 20__ ж.
 №__ хаттама

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ережесі

Қолдану мерзімі «__» _____ 20__ ж. бастап «__» _____ 20__ ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі ☐ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: № _____ ректордың бұйрығы «__» _____ 20__ ж.	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № Экземпляр № Көшірме №

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 2 беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні
ӘЗІРЛЕУ	Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ	Балмуханова А.В. «__»__20__ж.	Андиржанова Г.Б. «__»__20__ж.
КЕЛІСУ	Провост	Витянис Калибатас «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Атқарушы проректор	Сенбеков М.Т. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор	Жусупов Б.С. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Академиялық қызмет жөніндегі проректор	Байльдинова К.Ж. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Корпоративтік даму жөніндегі проректор	Датхаев У.М. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Ректор Аппаратының басшысы	Аубакиров Б.Ж. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Заң басқармасының басшысы	Гаитова М.А. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Экономика және қаржы департаментінің басшысы	Утегенов А.К. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің басшысы	Масанова А.А. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
ТІРКЕУ	Кадрлық жұмыс басқармасы	Сапакова М.М. «__»__20__ж.	«__»__20__ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 3 беті

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	4
1.1	Қолдану саласы	4
1.2	Нормативтік сілтемелер	4
1.3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
2.	Мақсаты	4
3.	Конкурс тәртібі және ұйымдастырылуы	4
4.	Сараптау комиссиясы	5
5.	Ғылыми жобаларға сараптама жүргізу тәртібі	6
6.	Конкурстық құжаттардың үлгісіне және мазмұнына қойылатын талаптар	6
7.	Конкурс шарттары	7
9.	Қорытынды ережелер	8
10.	1 қосымша	9
11.	2 қосымша	14
12.	3 қосымша	15
13.	4 қосымша	16
14.	5 қосымша	17
15.	6 қосымша	19
16.	Өзгерістерді тіркеу парағы	22
17.	Танысу парағы	23

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 4 беті

1. Жалпы ережелер

1.1 Қолдану саласы

- 1) Осы құжат «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, әрі қарай мәтін бойынша «Университет» қызметкерлерінің немесе қызметкерлер ұжымының Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басымыды бағыттары бойынша медицина және денсаулық сақтау саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындауға грант алуға арналған Университетшілік гранттар конкурсын, әрі қарай мәтін бойынша «Конкурс» өткізу рәсімінің тәртібін анықтайды.
- 2) Басқарма төрағасының – Университет ректорының бұйрығы медицина және денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулер жүргізу конкурсын өткізуге негіз болып табылады.
- 3) Ережеге өзгертулер университеттің Басқарма шешімімен бекітіледі.

1.2 Нормативтік сілтемелер

- 1) Осы Ереже келесі сыртқы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:
 - «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңы;
 - «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 қаулысы;
 - «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 Қаулысы.

2. Мақсаты

- 1) Конкурстың мақсаты: университет ғылымының дамуына ықпал ету; жоғары оқу орнының, академиялық және салалық ғылымның ықпалдасуына ықпал ету; ғылыми-зерттеу саясатының инновациялық негізін құру; ғылыми жұмыс нәтижелерінің экономикалық тиімділігі бар жаңа келешекті ғылыми бағыттарды дамыту (жоғары коммерциялық бәсекеге қабілеттілік, инвестициялық қызығушылық, маркетингтік зерттеулердің болуы).

3. Конкурс тәртібі мен ұйымдастырылуы

- 1) Конкурсты ұйымдастыруды және өткізуді Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты, әрі қарай мәтін бойынша «Б. Атшабаров атындағы ІМҒЗИ», жүзеге асырады:
 - конкурсты өткізу мерзімдері туралы ақпараттық хабарламаны таратуды қамтамасыз етеді;
 - сайтқа (www.kazntmu.kz) конкурстық құжаттарды орналастырады;
 - конкурстың үш кезеңін өткізеді:
 - 1 кезең - өтінімдерді медицина және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің басым бағытына сәйкестігін тексеру, өтінімді конкурстық құжат талаптарына сәйкес рәсімдеу, талап етілетін құжаттарды

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 5 беті

толық көлемде ұсыну, плагиат фактілерінің болмауы (түпнұсқалығы 70% және одан жоғары).

- 2 кезең - ғылыми комитеттердің отырыстарында өтінімдерді қарау, оның нәтижесі бойынша жобаға баға беріледі (5 қосымша).
- 3 кезең - сараптамалық комиссияда өтінімдерді қарау, оның нәтижесі бойынша сараптамалық баға беріледі (6 қосымша), одан әрі тәуелсіз сарапшыларды қарау.

- 2) Университет конкурсқа қажетті ұйымдастырушылық, ақпараттық, сараптамалық және қаржылық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.
- 3) Конкурсқа университеттің кафедралары мен құрылымдық бөлімшелері қатысады.
- 4) Гранттардың жалпы саны конкурс нәтижесінде анықталып, Басқарма төрағасы – Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Гранттардың қолданылу мерзімі бір жылдан үш жылға дейін.
- 5) Университеттің гранттар конкурсына қатысу үшін әлеуетті орындаушы келесі біліктілік талаптарына сәйкес болуы керек:
 - кәсіби біліктілігін, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуде жұмыс тәжірибесін игеру;
 - грант бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті еңбек қорларының болуы.

4. Сараптау комиссиясы

- 1) Конкурстың қорытындысын жүргізуді арнайы құрылған сараптау комиссиясы жүзеге асырады:
 - Басқарма төрағасы – Университет ректоры сараптау комиссияның төрағасы болып табылады;
 - ғылыми жобаларды сараптамалық бағалау үшін сараптау комиссиясының құрамы Басқарма төрағасының – Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі;
 - сараптау комиссиясының құрамына ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор, атқарушы проректор, Б. Атшабаров атындағы ІМҒЗИ басшысының орынбасары, экономика және қаржы департаментінің басшысы, заң басқармасының басшысы кіреді.
- 2) Сараптау комиссиясының міндеттері болып табылады:
 - конкурс жеңімпаздарын қарау және анықтау кезінде ашықтықтың, қолжетімділіктің, объективтіліктің, жариялылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
 - ең келешекті өтінімдерді іріктеуді жүргізу;
 - қорытынды шешім қабылдау және конкурс жеңімпаздарын жариялау.
- 3) Сараптау комиссиясы орындаушы мәлімдеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жоспарланған көлемін түзетуге құқылы. Орындаушы қаржылық сметаны осы түзетумен келіспеген жағдайда өтінім қабылданбауы мүмкін.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 6 беті

5. Ғылыми жобаларға сараптама жүргізу тәртібі:

- 1) Сараптау комиссиясына конкурстың екінші кезеңінен өткен өтінімдер жіберіледі.
- 2) Ұсынылған материалдарды зерделеп, сарапшы сараптамалық бағалауды пайдалана отырып қорытынды дайындайды (6 қосымша).
- 3) Әрбір өтінім бойынша сараптамалық қорытындылар алынғаннан кейін сараптау комиссияның сараланған өтінімдері бар қорытылған қорытындысы дайындалады.
- 4) 70%- дан астам жинаған жобалар Сенаттың қарауына шығарылады.
- 5) Сенат сараптау комиссиясының қорытындысы негізінде жобаларды мақұлдау және қаржыландыру туралы түпкілікті шешім қабылдайды.
- 6) Сараптау комиссиясы университетшілік гранттардың ізденушілерін олардың өтінімдерін қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.
- 7) Грант бөлу туралы шешім Басқарма Төрағасының - Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 8) Конкурстың қорытындысы университеттің ресми сайтында (www.kaznmu.kz) жарияланады.
- 9) Конкурсқа берілген өтінімдердің материалдары олардың Б. Атшабаров атындағы ІМҒЗИ бес жыл бойы сақталады.

6. Конкурстық құжаттардың үлгісіне және мазмұнына қойылатын талаптар

- 1) Конкурсқа қатысуға өтінімдер қосымшаларда көрсетілген үлгілерге сәйкес жасалуға тиіс:
 - өтінім (1 қосымша);
 - өтініш (2 қосымша);
 - жобаның қысқаша сипаттамасы (3 қосымша);
 - зерттеу тобының сипаттамасы (4 қосымша);
 - Локальді-этикалық комиссия отырысының хаттамасынынан көшірме;
 - рецензиялар (ғылыми зерттеулердің осы бағыттағы жетекші ғалымдардан ішкі және сыртқы).
- 2) Өтінімдер қағаз және электронды (дискіде) түрде екі данада Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ қолма-қол мына мекен-жай бойынша беріледі: С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, 3 ғимарат, 407 кабинет.
- 3) Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.
- 4) Өтінім тігіледі және тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалатын қағаз пломбамен бекітіледі және жоба жетекшісінің қолымен, кеңсе мөрімен куәландырылады және бір конвертке желімделеді .
- 5) Конвертте көрсетілуі тиіс:
 - кафедраның атауы;
 - конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы: С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Б. Атшабаров атындағы ІМҒЗИ, 3 ғимарат, 407 кабинет.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 7 беті

- жазба: С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың медицина және денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге Университетішілік гранттар конкурсы.

7. Конкурс шарттары

- 1) Конкурсты қаржыландыруға бөлінетін қаражат университетте ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес бөлінеді. Бірінші кезекте медицина ғылымы мен фармация саласындағы басым бағыттар бойынша мультидисциплинарлық жобалар қолдау көрсетіледі, сондай-ақ денсаулық сақтаудағы инновацияларға қолдау көрсетіледі және алға жылжытылады.
- 2) Ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша жұмыстар уақытша ғылыми ұжымды қалыптастыру қағидаттарында орындалады. Құрылған уақытша ғылыми ұжымның құрамына жас ғалымдар мен студенттер (уақытша ғылыми ұжым құрамының кемінде 20%) кіруі тиіс, аталған қызметкерлермен еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес еңбек шарттары жасалған жағдайда және уақытша ғылыми ұжым мүшелерінің келісімі болған жағдайда басқа ұйымдардың қызметкерлерін қосуға жол беріледі.
- 3) Ғылыми-техникалық жобаның ғылыми жетекшісі ғылыми жобаны тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына, әрі қарай мәтін бойынша «МҒТС ҰО» жұмысты қаржыландыру басталған сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей белгіленген үлгідегі тіркеу картасын жібереді. Тіркелген жұмыстағы өзгерістер туралы жауапты орындаушы МҒТС ҰО-ға 30 күндік мерзімде мына жағдайларда хабарлауға міндетті: жұмыстың аяқталу мерзімі өзгерген немесе тоқтатылған, жұмыстың өзгеруі (қайта рәсімделген тіркеу картасы жіберіледі). МҒТС ҰО осы жұмысқа жаңа тіркеу нөмірін береді, сонымен бірге бұрынғы нөмірдің күшін жояды.
- 4) Зертханалық зерттеулердің ең көп көлемі Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ-ның базасында жүргізілуі тиіс.
- 5) Жоба басшысы жоба бойынша жұмыстарды жүргізудің сапасы мен мерзімі, бөлінген қаражаттың мақсатты және ұтымды пайдаланылуы үшін жауапты болады.
- 6) Ғылыми жұмысты жариялау кезінде, жоба барысында және/немесе аяқталғаннан кейін авторлар алынған грантқа оның атауын көрсете отырып сілтеме жасауға міндетті.
- 7) Гранттар бойынша жобалардың басшылары қажетті есеп материалдарын: тоқсан қорытындысы бойынша – орындалған жұмыстар актілерінің, жыл қорытындысы бойынша – аралық есептің, жұмыс аяқталған соң – қорытынды есептің ұсынылуын бақылайды және материалдың мерзімі мен мазмұны үшін дербес жауапты болады.
- 8) Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ ғылыми-зерттеу жұмыстарының уақтылы және сапалы орындалуын, олардың бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.
- 9) Ағымдағы аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін жобаларды

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 8 беті

орындаушылар университеттің Ғылыми комитеттеріне, Сенатына талқылауға және бекітуге жұмыстардың орындалуы туралы есеп беруі тиіс.

- 10) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарланған нәтижелері болмаған, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің күнтізбелік жоспары өрескел бұзылған және есептік құжаттама уақтылы тапсырылмаған жағдайда Сенат шешімі негізінде ректор өз бұйрығымен бұл туралы жоба басшысын күнтізбелік жеті күн бұрын хабардар ете отырып, қаржыландыруды тоқтататуға құқылы.
- 11) Жұмыс аяқталғаннан кейін жауапты орындаушы МФТС ҰО қорытынды есепті (МЕМСТ 7.32-2001 нысаны) және ақпараттық картаны ұсынады.
- 12) Қорытынды есеп пен ақпараттық карта Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ ұсынылады. Ғылыми жұмыстың аяқталғаны туралы ғылыми есепті университет ректоры бекітеді және есеп бес жыл бойы Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ сақталады.

8. Қорытынды ережелер

- 1) Осы ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ персоналмен жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.
- 2) Осы Ережеде Б. Атшабарова атындағы ІМ ҒЗИ-ның университеттің жалпы құрылымындағы құқықтық жағдайын және оның ішкі нормативтік құжаттармен және белгіленген тәртіпте шығарылған университет әкімшілігінің ұйымдастыру-өкімдік актілерімен университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі барысында өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін қызмет саласын реттейтін негізгі нормалар берілген.
- 3) Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы Б. Атшабаров атындағы ІМ ҒЗИ басшысының орынбасарына жүктеледі, ол оны университеттің қол астындағы қызметкерлерге мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, Ереженің орындалуын қадағалауды және уақытында өзектендіруді қамтамасыз етеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 9 беті

1 қосымша

Өтінім

Жалпы ақпарат

1. Жоба тақырыбының атауы (орыс және қазақ тілдерінде).
2. Жобаның басталуы мен аяқталуының болжамды күндері.
3. Гранттық қаржыландырудың сұралатын сомасы (жобаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).
4. Ғылыми-техникалық ақпараттың Мемлекетаралық айдарларының коды (FTAMP) (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...).
5. Зерттеу түрі (іргелі, қолданбалы зерттеулер).

2. Жобаның сипаттамасы

1. Жобаның мақсаты мен міндеттері [500 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде жобаның мақсаты мен мақсатына қол жеткізу тәсілі, оларды іске асыру мен күтілетін нәтижелерді қысқаша түсіндіре отырып қойылған міндеттер сипатталады.

2. Жобаның ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңызы [1 500 сөзден артық емес]

1) жобаны әзірлеуге алғышарттар, зерттелетін тақырыпқа жататын әлемде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасай отырып, ғылыми жаңалықты негіздеу және олардың осы жобамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда қолданылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы 8 «Библиография» бөлімінде ұсынылуы тиіс). Болған жағдайда алдын ала нәтижелер көрсетіледі;

2) жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы;

3) жобаны іске асыруға және оның нәтижелерін алуға әлеуметтік сұраныс және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілік;

4) алынған нәтижелердің ғылым мен технологияларды дамытуға әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері.

Осы бөлімді сипаттау кезінде келесі позицияларға назар аудару ұсынылады:

1) жоба идеяларының қазіргі аналогтардан түбегейлі айырмашылығына сипаттама беру қажет;

2) егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде бар болса, бірақ Қазақстанда емес, жобаның неге қаржыландырылуы тиіс екенін негіздеу қажет;

3) егер жобаның түпкі нәтижесі өнім болса, отандық және шетелдік өндірушілердің жетістіктері туралы деректерді келтіре отырып, жобаның пәндік саласындағы қазіргі уақытта қалыптасқан техника деңгейін сипаттау қажет;

4) ғылыми-техникалық жобалар үшін жобаның негізіне қойылған технологиялар, бәсекелес және/немесе балама технологиялар бойынша зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы жетекші топтарды көрсету қажет.

2. Зерттеу әдістері және этикалық сұрақтар [1 500 сөзден артық емес]

1. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын ғылыми әдістерді сипаттау, таңдалған тәсілді негіздеу;

2. Сыни нүктелер, жобаны іске асырудың баламалы жолдары.

3. Жоба шеңберінде пайдаланылатын ғылыми этика қағидаттарын, яғни басқарудың этикалық рәсімдерін сақтауды қамтамасыз ету, атап айтқанда, жоғары зияткерлік адалдық стандарттарын қолдау және ғылыми деректерді фабрикациялауға, бұрмалауға, плагиатқа, жалған

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 10 беті

авторлыққа жол бермеу, жекелеген қатысушылардың ұжымдық зерттеулерді, зерттеулерде алынған деректер мен қорытындыларды басқа қатысушылардың келісімінсіз пайдалануын қамтамасыз ету тәсілдері

4. Адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулерді жүргізудің егжей-тегжейлі тәртібі мен тетігі, жоспарланған зерттеулердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін сипаттау.

5. Зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын бөлу және рәсімдеу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету қажет).


3. Іске асыру тобы және жобаны басқару [1 500 сөзден артық емес]

1. Зерттеу тобының мүшелері арасында олардың жобада жұмыспен қамтылу мерзімін көрсете отырып, жұмыстарды бөлу сипаттамасы.

№ р/с	УҒҰ қызметкері	Орындалатын жұмыстың түрі	Жобадағы жұмыспен қамту мерзімі	Қатысу үлесі%
	БҒҚ			
	ЖҒҚ			
	АҒҚ			
	ҒҚ			
	КҒҚ			
	Аға зертханашы			
	Зертханашы			

2) жоба кезеңдерін, қойылған міндеттерді, олардың маңыздылығын негіздеуді, Гант диаграммасын қамтитын жұмыс жоспары (қойылған міндеттер*, уақыт (айларда).

Гант диаграммасының үлгісі:



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 11 беті

Күнтізбелік жоспар

№ р/с	Жобаның міндеттерін іске асыру жөніндегі міндеттердің, іс-шаралардың атауы	Ұзақтығы (айларда)	Жұмысты орындаудың басталуы және аяқталуы* (кк/аа/жж)	Жобаны іске асыру жылдары, жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде)		
				жыл	жыл	жыл
1.	Міндеттер атауы			күтілетін нәтижелер		
1.1	Іс-шара атауы			күтілетін нәтижелер		
1.2	Іс-шара атауы			күтілетін нәтижелер		
2.	Міндеттер атауы				күтілетін нәтижелер	
2.1	Іс-шара атауы				күтілетін нәтижелер	
2.2	Іс-шара атауы				күтілетін нәтижелер	
3.	Міндеттер атауы					күтілетін нәтижелер
3.1	Іс-шара атауы					күтілетін нәтижелер
3.2	Іс-шара атауы					күтілетін нәтижелер

Ескерту: * - күнтізбелік жоспарда мереке күндері көрсетілмейді

3) жобаны іске асырудың әрбір жылына міндетті түрде таратып жаза отырып, жобаның жалпы құнының негіздемесі (мың теңгемен) және шығыстар сметасы. Жобаның бюджетін жобаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және осы жобаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына бағытталуы мүмкін емес. Шығыстардың барлық баптарының жалпы сомасы қаржыландыру үшін сұратылған соманы білдіреді.

Жобаға С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ конкурстық комиссиясының шешімі негізінде бюджет бойынша бөлуге өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Жобаны іске асыру жөніндегі шығыстар баптарына мыналар енгізілуі мүмкін:

1) ғылыми іссапарлар – зерттеулер жүргізуге байланысты іссапарлар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережемен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 Қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларында» белгіленген іссапар шығындарын өтеу нормаларынан аспауы тиіс;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 12 беті

2) бөгде ұйымдардың қызметтері - ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалардың, өзге де зертханалардың, зерттеулерді орындау үшін қажетті өзге де ұйымдардың қызметтері, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары.

3) материалдарды сатып алу – зерттеулер жүргізу үшін шығыс материалдарын сатып алу;

4) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу – іске асырылатын жоба бойынша жарияланымдар дайындауға және ғылыми зерттеулер нәтижелерін жариялауға, іске асырылатын жоба бойынша алынған нәтижелерді патенттеуге арналған шығыстар; талдамалық материалдарды сатып алу, сондай-ақ жобаны сүйемелдеу жөніндегі өзге де қызметтер.

Шығыстар бабының мысалы

Шығыстар баптарының атауы	--- жылға шығыс мың теңгемен	--- жылға шығыс мың теңгемен	--- жылға шығыс мың теңгемен	Жобаны іске асырудың барлық мерзіміне арналған шығыстар (мың теңгемен)
Ғылыми іссапарлар				
Бөгде ұйымдардың қызметтері				
Материалдарды сатып алу				
Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу				
Барлығы				

4. Зерттеу ортасы [500 сөзден артық емес]

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) өтініш берушіде бар материалдық-техникалық базаның (зерттеу жүргізу үшін қажетті жабдықтың, аспаптардың, құралдардың, сондай-ақ ғылыми персоналдың болуы) сипаттамасы;

Өтініш берушіде бар материалдық - техникалық базаны сипаттау мысалы

№ п/п	Жабдықтың, аспаптың, құралдың түрі	Жабдықтың, аспаптың, құралдың мақсаты	Моделі және шығарылған жылы	Қолда бар саны	Жағдайы (жаңа, жақсы, нашар)	Жеке, жалдамалы (кімнен)

2) отандық және шетелдік зерттеу инфрақұрылымын (зертханаларды және т.б.), түсіндірмелермен пайдалану;

3) отандық және халықаралық байланыстар, шетелдік ғалымдар жобасына қатысу;

4) жас ғалымдардың (35 жасқа дейін қоса алғанда), PhD-докторанттардың жобаға қатысуы;

5) ұтқырлықты негіздеу: жобаны іске асыру үшін басқа жерде жұмыс кезеңдері мен қатысу әсері.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 13 беті

5. Күтілетін нәтижелер [250 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдарды жүзеге асыру (жоба шеңберінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері алдын ала жарияланады ма және қандай журналда);
- 2) шетелдік баспаларда кітаптарды/кітаптарда тарауларды жариялауды жүзеге асыру;
- 3) қазақстандық баспаларда кітаптарды/кітаптарда тарауларды жариялауды жүзеге асыру;
- 4) монографияларды жариялауды жүзеге асыру;
- 5) алынған нәтижелерді шетелдік патенттік бюроларда (еуропалық, американдық, жапондық) патенттеу, басқа да қорғау құжаттарын алу мүмкіндігі;
- 6) алынған нәтижелерді патенттеу (қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюрода), басқа да қорғау құжаттарын алу, зияткерлік меншік объектісі бойынша лицензиялық келісім жасасу мүмкіндігі;
- 7) күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық тиімділігі;
- 8) алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы және/немесе коммерциялануы;
- 9) алынған нәтижелерді мақсатты тұтынушылар, оның ішінде субъект құрамы бойынша;
- 10) тәуекелдерді қамтитын серпінді нәтижелер үшін мүмкіндіктер; ғылым мен технологиялардың дамуына әсері;
- 11) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастығы және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату.

6. Библиография

Бөлімде осы өтінімнің 2 бөлімінің - «Жобаның сипаттамасы» 4 тармағында - «Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» көрсетілген сілтемелер көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет саны, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының аттары болуы тиіс.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 14 беті

2 қосымша

(Кімге) _____
 (конкурсты ұйымдастырушының атауы)
 (Кімнен) _____
 (әлеуетті орындаушының атауы)

Өтініш

(конкурс атауы)

конкурсты өткізу бойынша конкурстық құжатты қарастыра отырып,

(әлеуетті орындаушының атауы)

алуы осымен куәландыратын,

атты тақырып бойынша гранттың орындалуын (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) конкурстық құжатқа сәйкес жүзеге асыруды ұсынады.

Осы конкурстық құжат келесі құжаттардан тұрады:

1. Өтініш
2. Жобаның қысқаша мазмұны
3. Конкурсқа қатысуға өтігім
4. Зерттеу тобына сипаттама
5. Рецензиялар (ғылыми зерттеулердің осы бағыттағы жетекші ғалымдардан ішкі және сыртқы)
6. ЛЭК отырысының хаттамасынан көшірме

Біз конкурстық өтініміміз жеңіп шықты деп танылған жағдайда, ____ күн ішінде ғылыми жобаны орындауды (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) бастауға және оны халықаралық рецензияланатын басылымдарда нәтижелерді жариялаумен және оларды тәжірибелік денсаулық сақтауға енгізумен (*патенттеу*) аяқтауға міндеттенеміз.

Жоба бойынша ұсынылатын ақпараттың шынайылығы мен бірегейлігіне, сондай-ақ ғылыми этика қағидаларын сақтауға, атап айтқанда, ғылыми деректерді фабрикациялауға, зерттеу деректерін бұрмалауға әкелетін бұрмалауға, плагиат пен жалған авторлыққа жол бермеуге кепілдік береміз.

Конкурстық құжаттаманың толық жиынтығының болмауы жобаны конкурсқа одан әрі қатысудан бас тартудың негізді себебі болып табылатынына қарсы емеспіз.

Грантты орындау туралы шарт жасалған сәтке дейін осы конкурстық өтінім Сіздің оны жеңді деп тану туралы хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін орындайтын болады.

Жоба жетекшісі _____
 (А.Т.Ә.)

(колы)

«____» _____ 20____ жыл
 М.О.

Өтініш берушінің телефоны және электрондық поштасы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 15 беті

3 қосымша

ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ*

1. Жоба тақырыбының атауы

2. Жоба рефераты (абстракт)

Бөлімде жобаның қысқаша мазмұны (250 сөзден артық емес), зерттеулердің өзектілігін, пайдаланылатын әдіснаманы, күтілетін нәтижелерді және олардың қолданылуын, жобаның нәтижелері мұқтаждықтарға бағытталған әлеуетті тұтынушыларды сипаттай отырып көрсетіледі .

3. Жобаның мақсаты мен міндеттері

Жобаның мақсаты мен міндеттері қысқа әрі нақты баяндалуы және жобаның тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

4. Түйін сөдер

Бөлімде жобаға байланысты 10 (он) түйінді сөз көрсетіледі .

** Жобаның қысқаша сипаттамасы А4 форматының бір бетінен аспауы тиіс*

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 16 беті

4 қосымша

ЗЕРТЕУ ТОБЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бөлім Ғылыми жетекші және жобаның негізгі орындаушылары туралы келесі ақпаратты қамтиды (жеке деректерді көрсетпей):

1. Қысқаша түйіндеме және ғылыми дайындама (зерттеушінің қысқаша түйіндемесі келтіріледі және мәлімделген зерттеудің бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен қалай байланысты екені сипатталады);

2. Зерттеу тобының құрамы (тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі/атағы, жұмыс орны және атқаратын қызметі, ғылыми қызығушылық саласы, жобадағы позициясы, жұмыстардың сипаттамасы және жобада жұмыспен қамту мерзімі);

3. Жобаның тақырыбына қатысты негізгі жарияланымдар, патенттер, ғылыми жетекшінің авторлық куәліктері туралы мәліметтер;

4. Жобаның тақырыбына қатысты жобаның зерттеу тобы мүшелерінің негізгі жарияланымдары мен патенттері, авторлық куәліктері туралы мәліметтер.

Жоба жетекшісі _____
(А.Т.Ә.)

(КОЛЫ)

«_____» _____ 20____ жыл
М.О.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 17 беті

5 қосымша

Ғылыми комитет _____

Жоба _____

Сұратылған сома _____

Жобаға қатысушылардың саны _____

Конкурсқа ұсынылған жобаларды бағалау критерийлері

№	Көрсеткіштер мен параметрлердің атауы	Ия	Жоққа қарағанда ия	Ияға қарағанда жоқ	Жоқ
1. Жобаны жүзеге асырушы топтың әлеуеті					
1.1.	Команда портфолиосы жобаның шешілуіне арналған сұрақтар саласында жеткілікті құзыретті екенін куәландырады	3	2	1	0
1.2.	Үйлестіруші (лер) жобаларды басқаруда жеткілікті тәжірибесі бар, қажетті біліктілігі бар	3	2	1	0
1.3.	Жобаны іске асыру бойынша міндеттер сауатты және тиімді бөлінген	3	2	1	0
1.4.	Жобада студенттердің, магистранттардың, докторанттардың УҒҰ құрамының кемінде 20% қатысуы қарастырылған	3	2	1	0
1.5.	Ғылыми дәрежесі бар жобаға қатысушылардың қажетті саны оны жүргізу үшін жеткілікті	3	2	1	0
1.6.	Команда жобаны серіктес ұйымдармен өзара әрекеттестікте іске асырады	3	2	1	0
1.7.	Жоба қатысушыларды оқытуды көздейді	3	2	1	0
Бөлім бойынша жиынтық:					
2. Конкурсқа ұсынылған материалдар мазмұнының және жоба идеясын әзірлеудің сапасы					
2.1.	Ұсынылған жоба мультидисциплинарлық тәсілден тұрады	3	2	1	0
2.2.	Жоба тақырыбы өзекті, ҚазҰМУ ғылым тұжырымдамасының басым бағыттарына сәйкес келеді	3	2	1	0
2.3.	Жобаның мақсаты мен міндеттері бір-біріне және шешілетін мәселеге сәйкес келеді.	3	2	1	0
2.4.	Жобаның іс-шаралары қойылған міндеттерді шешуге, мақсатқа жетуге, мәселені шешуде ілгерілеуге және болжамды нәтиже алуға мүмкіндік береді	3	2	1	0
2.5.	Жоба бойынша іс-қимыл жоспары шынайы, орындаулады және қорлармен (адами, материалдық және зертханалық жабдықтаумен) қамтамасыз етілген	3	2	1	0
2.6.	Жобада ұсынылған материалдар мен жұмыс әдістері жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді	3	2	1	0
2.7.	Жоба нәтижелерінің тәжірибелік маңызы бар	3	2	1	0
2.8.	Ғылыми өнімнің шығуы маңызды, жеткілікті және	3	2	1	0

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 18 беті

	өткізімді				
2.9.	Жоба одан әрі даму келешегін және университеттен тыс гранттық өтінімдерге қатысу мүмкіндігін анықтайды	3	2	1	0
2.10.	Жоба бірегей, инновациялық, шығармашылық сипатқа ие	3	2	1	0
2.11.	Жобада аралық талдау іс-шараларының нәтижелері бойынша әрекеттерді түзету жүйесі қарастырылған	3	2	1	0
Бөлім бойынша жиынтық:					
Жобаны іске асыруды қамтамасыз ететін шарттар					
3.1.	Жобада мәлімделген қаржылық талаптар негізделген және орынды	10	7	3	0
3.2.	Өтініш беруші ұйымның материалдық-техникалық жағдайы жобаны іске асыру үшін жеткілікті	5	3	1	0
3.3.	Жобада орындаушының меншікті салымы (дайындамасы) қарастырылған	3	2	1	0
Бөлім бойынша жиынтық:					
Барлық бөлімдер бойынша жиынтық:					

Комиссияның қорытындысы/ұсынымдары:

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 19 беті

6 қосымша

Сараптамалық баға

Сарапшының АӘТ

Жоба № _____

Түсу күні «__» _____ 20__ж.

Қарастыру күні «__» _____ 20__ж.

Жобаны қолдау туралы сарапшының қорытындысы

- қолдау-70% астам
- қолдау мүмкін – 50-70%
- қолдамаймын – 50% төмен

Объективті сараптаманы қиындататын мән-жайлар (мүдделер қақтығысы)

- бар
- жоқ

№	Бағалау критерийлерінің атауы	Баллдық баға		
		Жоғары (5)	Орта (3-4)	Төмен (1-2)
Жобаның ғылыми сапасы (Scientific Quality)				
1	Мәлімделген ғылыми жобаның сапасы	Жобаның атауын, мәселелерін, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, шешу әдістерін тұжырымдау нақты және қисынды мазмұндалған.	Жобаның атауын, мәселелерін, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, шешу әдістерін тұжырымдау салыстырмалы түрде нақты және қисынды мазмұндалған.	Ғылыми жобаның негізгі компоненттерін баяндауда нақтылық пен қисындылық жоқ.
2	Жобаның ғылыми жаңалығы, ғылыми-техникалық деңгейі және болашағы	Жоғары деңгей-ғылым мен тәжірибенің әлемдік талаптарына сәйкес келетін жаңа білім, жаңа әзірлемелер мен технологиялар алынатын болады.	Салыстырмалы түрде жоғары деңгей - Қазақстан Республикасында сұранысқа ие.	Төмен деңгей- белгілі әдістерді жетілдіру.
3	Пайдаланылған ғылыми еңбектер мен әдебиеттің көтерілген мәселеге сәйкестігін	Пайдаланылған ғылыми еңбектер мен әдебиеттің, оның ішінде Web of Science,	Пайдаланылған ғылыми еңбектер мен әдебиеттердің сәйкестік деңгейі	Келтірілген әдеби көздер бойынша зерттеу проблемасын талдау

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетшілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 20 беті

	бағалау және олардың жаңалығының деңгейі	Scopus және т. б. мәліметтер базасында индекстелетін сәйкестігінің деңгейі жоғары. Зерттеу мәселесіне терең талдау жүргізілген.	жеткілікті жоғары.	зерттеу тақырыбын жеткілікті ашпайды.
Жобаның мәні (әсері) (Impact)				
4	Ғылыми зерттеулердің күтілетін нәтижелерін бағалау	Ғылыми зерттеулердің күтілетін нәтижелерінің жоғары ғылыми және практикалық маңыздылығы.	Ғылыми зерттеулердің күтілетін нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығы салыстырмалы жоғары.	Ғылыми зерттеулердің күтілетін нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығы жоғары емес.
Жобаны іске асыру шарттарын бағалау (Implementation)				
5	Ғылыми зерттеулер үшін қолданылатын әдіснама	Дизайн және ұсынылған заманауи зерттеу әдістері қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді және нәтижелердің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.	Дизайн және ұсынылған зерттеу әдістері қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді және жеткілікті жоғары деңгейді қамтамасыз етеді.	Қолдануға жоспарланған зерттеу әдістерінің деңгейі нәтижелердің жоғары деңгейін қамтамасыз етпейді.
6	Зерттеу дизайнының этикалық аспектілері, деректерді статистикалық өңдеудің қолданылатын әдістері, адам мен жануарлар үлгілерінде ғылыми зерттеулер	Жобаның этикалық аспектілері халықаралық этикалық нормаларға сәйкес келеді.	Жобаның этикалық аспектілері түзетуді талап етеді.	Жобаның этикалық аспектілері халықаралық этикалық нормаларға сәйкес келмейді.
7	Қаржыландырудың экономикалық негізділігі	Сұратылған қаржыландыру көлемі негізделген және көрсетілген іс-шаралар көлеміне сәйкес келеді.	Сұралатын қаржыландыру көлемі шамалы түзетуді талап етеді.	Сұратылған қаржыландыру көлемі негізделмеген.
8	Ұйымдық және материалдық-техникалық жабдықтандырылуы	Қолда бар қорлардың сапасы, негізделген сатып алынатын қорлар барлық қойылған міндеттерді орындауға сәйкес келеді және нәтижелердің жоғары деңгейін қамтамасыз	Қолда бар қорлардың сапасы мен сатып алынатын қорлар қойылған міндеттерді орындауға сәйкес келеді.	Қолда бар қорлардың сапасы және сатып алынатын қорлар қойылған барлық міндеттердің орындалуын қамтамасыз

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Б. Атшабаров атындағы іргелі медицина ғылыми-зерттеу институты	Университетішілік гранттар конкурсы туралы Ереже	Редакция: 1
			23 беттің 21 беті

		етеді.		етпейді.
9	Жобаны іске асыру барысы	Көрсетілген мерзімде ұсынылған әдістермен мәлімделген міндеттер толық іске асырылады.	Қойылған міндеттерді көрсетілген мерзімде қоса берілген әдістермен іске асыру күмәнді.	Көрсетілген мерзімде ұсынылған әдістермен мәлімделген міндеттер іске асырылмайды.



Университетшілік гранттар конкурсы
туралы Ереже

23 беттің 22 беті

[illegible]



Университетішілік гранттар конкурсы
туралы Ереже

23 беттің 23 беті

[illegible]